КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 5 ақпан Іс №7527-24-00-2/18423 Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д.А.Акетаев
сот отырысының хатшысы А.С.Азимжановаңың қатысуымен ашық сот отырысынды бейнебайланыс арқылы келесі талап бойыша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық-спорттық шаралар өткізу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекеме

ЖАУАПКЕР:
«Шафиков Р.М.» жеке кәсіпкер

ТАЛАПТЫҢ МӘНІ:
1. мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану
2. жауапкерден талап қоюшының пайдасына 41 136 теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбының сомасын өндіру

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Е.Скаков
талап қоюшының өкілі Е.Ф.Калкеев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылдың 3 қазанда тараптардың арасында тауарды мемлекеттік сатып алу туралы келісім шарт жасақталған.

Шарт бойынша жауапкер ортопедиялық аппаратты талап қоюшының пайдасына шартқа қол қойылған күннен бастап 45 күнтізбелік күннің аралығында жеткізу туралы міндеттеме алған.

Алайда, жауапкер аталған келісім шартты орындамады, тауар талап қоюшыға жеткізілмеді.

Сол себепті, талап қоюшы Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының (бұдан әрі – Заң) 12 бабына сілтеме жасап жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушы деп танып және 41 136 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрайды.

Құжатқа қол қойылған: Ақетаев Д. А., 11.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Ақетаев Д. А., 18.04.2025
7527-24-3-1/20867

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қою арызда келтірілген негіздермен талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер сот отырысына қатыспады, қатыспаған себептерін сотқа түсіндірмеді.

Сот, Қазақстан Республикасы Азаматтық процесстік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 196-бабы 4-тармағына сай, істі жауапкердің қатысуынсыз қарауды шешті.

Прокурор қорытындысында, талап қоюшының талап қою арызы қанағаттандыруға жатады деген тұжырымға келді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Заңның 12 бабы 4 тармағы 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Сот отырысында анықталғандай, 2024 жылы 3 қазанда тараптардың арасында №103 келісім шарт жасақталып, шарт бойынша, жауапкер шартқа қол қойылған күннен бастап 45 күнтізбелік күннің аралығында талап қоюшының пайдасына ортопедиялық аппаратты жеткізу туралы міндеттеме алған.

Алайда, уақытында тауар жеткізілмегеніне байланысты, талап қоюшы аталған талап қоюшымен сотқа жүгінген.

Сот отырысында, тауар талап қоюшыға жеткізілмегені анықталды.

Қазақстан Республикасы Жоғарға Сотының №4 «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдану туралы» нормативтік қаулысының 8 тармағы бойынша, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды

Құжатқа қол қойылған: Ақетаев Д. А., 11.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Ақетаев Д. А., 18.04.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Жауапкер шартты орындамағанын, тапсырыс берушіге шарт бойынша жауапкермен жағымсыз салдар келтіргенін ескере отырып, сот талап қоюшының талап қою арызы қанағанттандыруға жатады деген тұжырымға келеді.

Іс материалдар бойынша, тұрақсыздық айыбының мөлшері 41 136 теңге келесі есеппен құрайды (24 күнтізбелік күн х 1 714 000 х 0,1% = 41 136).

Аталғанның негізінде, жауапкерден талап қоюшының пайдасына 41 136 теңге тұрақсыздық айыбы өндіруге жатады.

АПК-нің 117 бабының 1 тармағына сәйкес талап қоюшы төлеуден босатылған мемлекеттік баж, сондай-ақ іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар сот мемлекет кірісіне шығыстарын төлеуден босатылмаған жауапкерден толық немесе талап қоюдың қанағаттандырылған бөлігіне пропорционалды өндіріліп алынады.

Сондықтан, жауапкерден мемлекет кірісіне 3 080 теңге көлемінде мемлекеттік баж өндіруге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

"Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық-спорттық шаралар өткізу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Шафиков Р.М.» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Шафиков Р.М.» жеке кәсіпкерінен талап қоюшы "Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бұқаралық-спорттық шаралар өткізу орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің пайдасына 41 136 (қырық бір мың жүз отыз алты) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жауапкер «Шафиков Р.М.» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 3 080 (үш мың сексен) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қалалық сотының апелляциялық сот алқасына Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы берілуі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Ақетаев Д. А., 11.02.2025
Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, судья Ақетаев Д. А., 18.04.2025
7527-24-3-1/20867

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья Акетаев Д.А.

Құжатқа қол қойылған: Акетаев Д. А., 11.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 11.03.2025, Судья Акетаев Д. А., 18.04.2025